

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

**7.6: ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ: ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚҚА
ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ**
**7.6: ЦЕЛИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ: ВКЛАД ТУРИЗМА В УСТОЙЧИВОЕ
БУДУЩЕЕ**
**7.6: SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS: CONTRIBUTION OF TOURISM TO A
SUSTAINABLE FUTURE**

ӘОЖ 338.467

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТУРИЗМ
САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

Адилгалиева Іңкәр

Газизова Аружан

inkara_adilgalieva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ6В11105- «Туризм» білім беру бағдарламасының
студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-аға оқытушы А.Г.Гиззатжанова

XXI-ғасыр - технологияның жетілген заманы. Бүгінде электронды жүйелер барлық салада өте маңызды рөлге ие болды. Электронды жүйелерді пайдалану өте ыңғайлы, жылдам, яғни, аз уақытты ғана қажет етеді, әрі адамдардың жұмысын біршама жеңілдететіні рас. Туризмді дамытудағы ең маңызды мәселелер дәл осы цифрлы технологияларға көп көңіл бөлінуімен байланысты. Себебі, туризм саласында интернет желісін қолдану өте өзекті, яғни, қазіргі таңда тек турагенттіктер ғана интернет желісін пайдаланып қана қоймайды, сондай-ақ туристердің арасында да онлайн тур-пакеттер сатып алу, қонақ үйден онлайн номер брондау, онлайн авиабилеттер сатып алу сияқты және тағы да басқа қызметтерге қол жеткізу өте танымал. Тіпті, қазіргі таңда интернет желісін пайдаланбайтын туристік бизнесті елестету мүмкін емес.

Соңғы уақытта туристік бизнесті дамытуға интернет-технологиялар үлкен әсер етуде. Соның ішінде турфирмалардың жұмысының ажырамас бөлігіне айналған жаһандық брондау жүйелерін пайдалана отырып, туристік қызметтерді брондау болып табылады. Осындай жұмыстарды атқаруда «Columbis», «U-ON», «САМО-тур» сияқты және тағы басқа бағдарламалар турагенттер мен туроператорлар арасында кеңінен танылған бағдарламалар болып табылады [1].

Туристік нарықтың тұтынушылары ақпаратқа (егжей-тегжейлі сипаттамалар, фотосуреттер, басқа да деректерге) үлкен сұраныс танытады, оны баспа басылымдары да, теледидар мен радио сияқты бұқаралық ақпарат құралдары да қанағаттандыра алмауы мүмкін, сол себепті интернет туризм саласында үлкен маңызға ие болды. Осы орайда турбизнесіне тұтынушыларды қанағаттандыратын интернет желісін пайдалануды негізгі 4 кезеңдерге бөлуге болады:

1. Қызметтер тізімі, деректемелері, прайс-парағы (бағалары), суреттері (визитка сайты) және компанияның жарнамалық мақсатта басқа да ақпараты бар сайт құру. Бұл жағдайда сайт қосымша жарнамалық құрал болып табылады, бұл барлық адамдарға фирма, оның қызметтері туралы және басқа да ақпараттармен танысуға мүмкіндік береді.

2. Пайдаланушылардың сұрақтарына жауап бере алатын, фирмамен жылдам байланысуға мүмкіндік беретін кері байланыс құралдары бар, интерактивті сайт құру.

3. Туристік қызметтер үшін төлемдерді қабылдауға, жолдамаларды, билеттерді брондауға, клиенттермен келісім-шарттар жасауға, бос орындар, жолдамалар және т. б. туралы

хабарлауға қабілетті сайт-дүкен құру. Мұндай сайт туристік қызметтерді сату функциясын орындайды, сондай-ақ күнделікті операциялардың орындалуын жеделдетуге мүмкіндік береді.

4. Ақылы негізде жоғарыда аталған қызметтерді жүзеге асыратын және бизнесті жүргізу кезіндегі қауіпсіздік үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын бизнес-жүйелерге қосу. Жүйенің функциясы делдалдық болып табылады [2].

Алайда интернет арқылы жұмыс жасаудың да өзіндік кемшіліктері бар. Мысалы, хакерлердің сайтты бұзу мүмкіндігімен байланысты тәуекел, алаяқтық, мемлекет тарапынан заңнамалық қолдаудың болмауы, жоғары бәсекелестік, тез әрекет ету қажеттілігі, олай болмаған жағдайда клиент басқа турфирмаға жүгінуі мүмкін.

Туризм саласынан технологиялық жетістіктер айналып өтпегенінен барлығымыз хабардармыз. Ауыз толтырып айтуға болатын және турагенттер мен туроператордың өмірін айтарлықтай жеңілдететін жарнамалық мақсаттардан бөлек бірнеше технологиялар қатарын атап өту болады, мысалы: LastPass, Sberometr, Mailchimp, Анкетолог және т.б.

LastPass - турагенттердің барлық бағдарламаларға кіру кодтарын сенімді сақтайтын бағдарлама. Бір ғана турагенттің өзіне қажет бірнеше код болуы мүмкін, және олардың барлығын есте сақтау мүмкін емес болған жағдайда LastPass бағдарламасы көмекке келеді.

Sberometr - курс валюталарының өзгеруін болжау бағдарламасы. Турбизнес валюта бағамына өте тәуелді сала екенін барлығымыз мойындаймыз. Sberometr ертеңгі күннің валютасын дәл болжап, брондауға қай күні тиімдірек екенін көруге мүмкіндік береді.

Mailchimp - клиенттердің email-пошталарына бірреттік маркетингтік таратулар жіберуге бағытталған бағдарлама. Бұны маркетингтік жылжыту деп есептесек те болады. Таратулар бірнеше мәселелерді оңай әрі тез шешуге мүмкіндік береді: клиент пен турагент арасындағы сату-сатып алу үрдісін жылдамдату мүмкіндігі, клиенттерге жіберілген мәтіндер көп жағдайда клиенттерді өтінім беруге итермелейді, яғни сәтті сатылымдардың артуы және де аналитикалық статистиканы бақылауға мүмкіндік алу. Алдыңғы қатарлы турагенттіктердің көбісі дәл осы бағдарламамен жұмыс жасайды.

Туризм және қонақжайлылық саласындағы инновациялық қызметтің бірнеше негізгі бағыттарын қарастыруға болады. Олар:

- туристік өнімнің, мейрамхана өнімінің, қонақ үй қызметтерінің және т. б. жаңа түрлерін шығару;
- дәстүрлі өнімдерді өндіруде жаңа техника мен технологияны қолдану;
- бұрын пайдаланылмаған жаңа туристік ресурстарды пайдалану;
- дәстүрлі туристік өнімді, қызметтерді және т. б. өндіруді және тұтынуды ұйымдастырудағы өзгерістер;
- жаңа маркетинг, жаңа менеджмент;
- өнімді өткізудің жаңа нарықтарын анықтау және пайдалану.

Инновация және инновациялық қызмет - дәстүрлі түрде ғылыми-техникалық прогресс және ғылыми зерттеулердің нәтижесінің үрдісі және оны тәжірибеге енгізумен байланысты бағыт ретінде сипатталады. Инновация термині ағылшын тілінен аударғанда «жаңашылдық» деген мағынаны береді [3].

Ғылыми-техникалық революция бұқаралық туризмді қалыптастырудың материалдық негізіне айналып қана қоймайды. Ол жаңа материалдар, микропроцессорлық техника, ақпарат және байланыс құралдары, биотехнология кіретін жоғары технологиялар арқылы туризмдегі инновациялық қызметке үлкен әсер етті. Қазіргі заманғы ақпарат пен байланыс құралдарының пайда болуы қоғамдық өндіріс пен адамдардың өміріне әсерін тигізуде. Бүгінгі таңдағы туристік қызмет пен туристік фирмалардың жұмысын интернетсіз елестету мүмкін емес. Заманауи аудио-бейне техникасы басқару технологиясын айтарлықтай өзгертті. Басқару

нақты уақыт режиміне ауыстырылады және т. б. қызметтер саудасы бойынша бас келесімнің тұжырымы бойынша туризмдегі инновациялық қызмет негізгі үш бағыт бойыншы дамуда:

- жаңашылдықты енгізу (ұйымдастыру инновациясы), яғни кәсіпкерлік пен туристік бизнестің дамуымен байланысты, қайта ұйымдастыру, кеңею, бәсекелес өзге субъектілерді жаңа техника және технологиялар арқылы басып озып, өз қарамағына қосып алу;

- маркетингтік инновация, мақсатты тұтынушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, қамтылмаған клиенттерді тарту;

- кезеңдік жаңашылдық (өнімдік инновация), туристік өнімнің тұтынушылық қасиетіне, оның орны мен беретін артықшылықтарына бағытталған.

Осы арқылы, туризмдегі инновациялық қызметтің жаңа өнімдердің пайда болуына, өзгеруіне, транспорттық, қонақ үй және тағы да басқа қызметтердің жетілдірілуіне әсер етеді. Сондай-ақ, жаңа нарықты игеруге, алдыңғы қатарлы ақпараттық, телекоммуникациялық технологиялардың және заманауи формадағы ұйымдық-басқару қызметін енгізуге бағытталғандығын байқай аламыз [4].

Туроператорларға, турагенттерге және туристтерге арналған бағдарламалар, сайттар, қосымшалардың барлығы дерлік басқа елдерде ойлап табылғандығы барлығымызға мәлім. Біздің елімізде туризм саласы енді дамып келе жатқандықтан, әлемдік деңгейдегі өзіміздің отандық инновациялық технологияларымыз жоқ десек те болады. Ендігі кезекте отандық бағдарламалар немесе қосымшалар көптеп ойлап табылып, әлемдік деңгейде қолданысқа ие болуын қарастыру қажет. Жәй бағдарлама, қосымша емес, туроператорларға да, туристерге де пайдалы болатындай болуы керек. Мысалы, белгілі бір турист шетелге алғаш рет шыққалы тұрса, ол туристке біріншіден шетелдік төлқұжат және виза міндетті түрде қажет болады. Ондай жағдайда ол Халыққа қызмет көрсету орталығына шетелдік төлқұжат алу үшін, ал виза алу үшін басқа мекемелерге жүгінеді. Ол айтарлықтай біраз уақытты алады. Сол мәселені шешу мақсатында, ешқайда бармай-ақ, ұзақ уақытқа созбай, үйде отырып-ақ шетелдік төлқұжатқа да, визаға да қол жеткізетіндей қосымша немесе бағдарлама ойлап табылса, үлкен жаңалық болушы еді. Оны ары қарай дамыта беріп, әлемдік деңгейге жеткізсе, еліміздің туризм саласының, экономикасының дамуына үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Марьина В.В., Чесняк М.Г. Роль интернета в туризме [Электрондық ресурс] Кіру тәртібі:<https://scienceforum.ru/2013/article/2013003847>

2. Роль интернета в индустрии туризма. [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі:https://vuzlit.com/405685/rol_interneta_industrii_turizma

3. Инновации в сфере туризма и гостеприимства.[Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі:https://vuzlit.com/384867/innovatsii_sfere_turizma_gostepriimstva

4. Новиков В.С. Инновации в туризме. [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі:https://tourlib.net/books_tourism/novikov25.htm